

ДЕМОКРАТИЯ ЖӘНЕ РЕЛЯТИВИЗМ: ӘЛЕУМЕТТІК КОНСТРУКТИВИЗМ ТҰРҒЫСЫНАН ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

¹Е.А. Мырза, ¹Т.Ю. Лифанова, ²Н.С. Кирабаев

АНДАТПА

Мақалада демократия ұғымының қазіргі теориялық түсіндірмелерінде жиі кездесетін релятивизм мәселесі тарихи-философиялық контексте қайта қарастырылады. Негізгі түйіткілді мәселе ретінде демократияны релятивизм тұрғысынан қарапайым теңестіру және оның философиялық қырларын жеткілікті тереңдіксіз бағалау қарастырылады. Авторлардың ұстанымы бойынша, мұндай теңестіру демократияның ішкі логикасын бұрмалап, оны құндылықтық тұрғыдан әлсіретеді. Зерттеудің мақсаты демократияны біржақты индивидуализмге негізделген жүйе деп санамау, керісінше индивидуализм мен универсализмнің синтезі ретінде негіздеу және релятивизмнің демократиялық тәртіптегі нақты орнын айқындау. Зерттеу барысында Ж.-Ж.Руссо, Т. Гоббс, Дж. Локк, Г. Кельзен, Г. Гурвич еңбектеріне сүйене отырып, теңдік пен бостандық ұғымдарының тарихи эволюциясы талданады. Теңдік механикалық сандық қағидадан гөрі, құқықтық және моральдық тұтастықтағы сапалық принцип ретінде түсіндіріледі. Демократия құқықтың үстемдігіне негізделген әлеуметтік тәртіп ретінде қарастырылып, «саяси релятивизм» ұғымының философиялық релятивизммен тең еместігі дәлелденеді. Релятивизмнің эпистемологиялық, моральдық және мәдени түрлері ажыратылып, олардың демократиялық институттарға әсері талқыланады. Әлеуметтік конструктивизм әдіснамасы (П. Бергер, Т. Лукман) демократия, құқық және бостандықтың табиғи-берілген деп танылатын тұжырымнан гөрі, тарихи және институционалдық тәжірибе арқылы қалыптасатын әлеуметтік мағыналар екенін көрсету үшін қолданылады. Қазіргі демократиялық теориялармен теориялық диалог негізінде (Ю. Хабермастың делиберативті демократиясы, Ш. Муффтың агонистік демократиясы, Дж. Ролздың саяси либерализмі) демократияның релятивизммен күрделі байланысы тереңдетіле талданады. Қорытындыда демократия өзін-өзі жаңғырта алатын ашық жоба ретінде бағаланып, оның болашағы құқықтық мемлекет, әлеуметтік құқықтар және көпдеңгейлі демократияландыру үдерістерімен байланыста негізделеді.

Түйін сөздер: демократия, релятивизм, әлеуметтік конструктивизм, нормативтік құрылым, аксиологиялық плюрализм.

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

² Патрис Лумумба атындағы Ресей халықтар достығы университеті

Автор-корреспондент:

Е.А.Мырза,
ernatmyrza3@gmail.com

Сілтеме:

Мырза Е.А., Лифанова Т.Ю., Кирабаев Н.С. Демократия және релятивизм: әлеуметтік конструктивизм тұрғысынан философиялық талдау // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. – №2 (108). – Б. 26-38. – DOI: 10.48010/43p42w41

Ашық қолжетімділік

© Автор(лар), 2026
Бұл ашық қолжетімді мақала Creative Commons Attribution 4.0 International License (CC BY 4.0) лицензиясының талаптарына сәйкес таратылады.
<https://creativecommons.org/licenses/by-nc-nd/4.0/>

Редакцияға түсті: 12/01/2026
Қабылданды: 19/05/2026
Онлайн жарияланды: 30/06/2026

Демократия және релятивизм: философский анализ с позиции социального конструктивизма

Аннотация. В статье рассматривается проблема релятивизма, которая часто возникает в современных теоретических интерпретациях демократии, в историко-философском контексте. Основной проблемой является упрощенное отождествление демократии с релятивизмом и недостаточно глубокая оценка ее философских аспектов. По мнению авторов, такое уравнивание искажает внутреннюю логику демократии и ослабляет ее с точки зрения ценностных ориентиров. Цель исследования заключается не в том, чтобы рассматривать демократию как систему, основанную на однозначном индивидуализме, а в том, чтобы обосновать ее как синтез индивидуализма и универсализма и определить точное место релятивизма в демократическом порядке.

В исследовании анализируется историческая эволюция концепций равенства и свободы на основе работ Ж.-Ж. Руссо, Т. Гоббса, Дж. Локка, Х. Кельзена и Г. Гурвича. Равенство понимается не как механический количественный принцип, а как качественный принцип правовой и моральной целостности. Демократия рассматривается как общественный порядок, основанный на верховенстве закона, и показывается, что понятие «политического релятивизма» не эквивалентно философскому релятивизму. Различаются эпистемологические, моральные и культурные формы релятивизма и обсуждается их влияние на демократические институты.

Методология социального конструктивизма (П. Бергер, Т. Лукман) используется для того, чтобы показать, что демократия, право и свобода представляют собой социальные смыслы, формирующиеся в ходе исторической и институциональной практики, а не являются чем-то само собой разумеющимся. Опираясь на теоретический диалог с современными теориями демократии (делиберативная демократия Ю. Хабермаса, агонистическая демократия К. Муффe, политический либерализм Дж. Роулса), в книге глубоко исследуются сложные взаимоотношения между демократией и релятивизмом.

В заключение демократия оценивается как открытый проект, способный к самообновлению, а ее будущее основано на верховенстве закона, социальных правах и многоуровневых процессах демократизации.

Ключевые слова: демократия, релятивизм, социальный конструктивизм, нормативная структура, аксиологический плюрализм.

Democracy and relativism: a philosophical analysis from the perspective of social constructivism

Abstract. This article examines the problem of relativism, which frequently arises in contemporary theoretical interpretations of democracy, from a historical and philosophical perspective. The study argues that the simplistic identification of democracy with relativism and the insufficient consideration of its philosophical foundations distort the internal logic of democracy and weaken its value orientation. The aim of the research is to conceptualise democracy not as a system grounded in unqualified individualism, but as a synthesis of individualism and universalism, while clarifying the place of relativism within the democratic order.

The article analyses the historical evolution of the concepts of equality and freedom through the works of J.-J. Rousseau, T. Hobbes, J. Locke, H. Kelsen, and G. Gurvitch. Equality is interpreted not as a merely quantitative principle, but as a qualitative principle of legal and moral integrity. Democracy is understood as a social order based on the rule of law, and it is argued that political relativism should not be equated with philosophical relativism. Epistemological, moral, and cultural forms of relativism are distinguished, and their impact on democratic institutions is examined.

The study employs the methodology of social constructivism (P. Berger and T. Luckmann) to demonstrate that democracy, law, and freedom are socially constructed meanings shaped through historical and institutional practices rather than self-evident realities. Drawing on a theoretical dialogue with contemporary theories of democracy, including J. Habermas's deliberative democracy, C. Mouffe's agonistic democracy, and J. Rawls's political liberalism, the article explores the complex relationship between democracy and relativism.

In conclusion, democracy is assessed as an open project capable of self-renewal, whose future development depends on the rule of law, social rights, and multi-level processes of democratisation.

Keywords: Democracy, Relativism, Social Constructivism, Normative Structure, Axiological Pluralism.

Kіріспе

Адамзат қоғамдары үшін билік түрлері, басқару формалары әрқашан өзекті болды, себебі олар әлеуметтің қалай ұйымдастырылатынын, кім басқаратынын, шешімдердің қалай қабылданатынын және бақылаудың қалай жүзеге асырылатынын анықтайды, қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық және мәдени өзгерістерді көрсетеді, сондықтан басқарудың орталық мәселесі болып қала берді.

Демократия (көне гректің *δημοκρατία* «халық билігі», *δημος* «халық» + *κράτος* «билік» сөздерінен шыққан) - қатысушылардың тең әсер етуімен ұжымдық шешім қабылдау әдісіне негізделген саяси жүйе [1, 40 б]. Билік халықта болатын, халық оны тікелей немесе өз өкілдері арқылы жүзеге асыратын басқару түрі. Заң үстемдігіне, теңдік, бостандық және азаматтардың тең құқықтары қағидаттарына негізделген саяси жүйе. Негізгі элементтері ретінде адам құқықтарын құрметтеу, еркін әрі әділ сайлау, азаматтардың шешім қабылдауға қатысу мүмкіндігін атай ала-

мыз. Басты қағидаттары: биліктің халықтан шығуы, биліктерді бөлу, саяси плюрализм, заң алдындағы теңдік және азаматтардың қоғамдық өмірге қатысуы.

Осы контекстте демократияның теориялық түсіндірмелері де айрықша мәнге ие. Мәселен, австриялық әрі америкалық экономист, саясаттанушы және әлеуметтанушы Йозеф Шумпетер демократияны процедуралық (минималистік) модель ретінде қарастырып, оның анықтамасын құндылықтық-нормативтік мазмұннан әдейі ажыратады. Шумпетердің пайымдауынша, демократия «халық билігі» ретінде емес, саяси шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін институционалдық әдіс; мұнда билік индивидтердің сайлаушылардың дауысын алу үшін жүргізетін бәсекелі күресі арқылы қалыптасады. Осылайша, әділеттілік, теңдік, бостандық сияқты нормативтік мәселелер демократияның тікелей анықтамасына кірмей, саяси тәртіптің сыртқы бағалау өлшемдері ретінде түсіндіріледі [19, 668 б].

Алайда Шумпетердің бұл тәсіліне сын айтқан зерттеушілер демократияны тек про-

цедура ретінде сипаттау оның ішкі мазмұндық өлшемдерін теңдік, бостандық, әлеуметтік ынтымақтастық секілді құндылықтық негіздерді, екінші қатарға ысырып тастайтынын атап көрсетеді. Демек, демократияны анықтауда процедуралық әрі нормативтік түсіндірмелердің арасындағы теориялық қайшылық қазіргі саяси тәжірибелерді талдауда маңызды әдіснамалық түйін ретінде көрінеді.

Демократияның өзге басқару түрлерінен басты айырмашылығы өзге жүйелермен үйлесімділікте ықпал ете алуында, яғни, демократия ортақ құндылықтарға негізделген жалпыға бірдей танылған идеал бола отырып, әртүрлі экономикалық және әлеуметтік жүйелермен қатар өмір сүре алады.

Демократияның мәні күрделі, оны ашу үшін демократияның тұтас жиынтығын, элементтерінің кешенін толық қамту қажет. Тарихи тұрғыдан демократияның екі түрі қалыптасты: тікелей және өкілдік. Біріншісіне мысал ретінде Ежелгі Грецияның Афины немесе Спарта сияқты қала-мемлекеттерін келтіруге болады. Дауыс беру құқығы бар халық, әдетте бірнеше мың адам, қоғамның тұрақты жұмыс істеуі үшін маңызды барлық мәселелер бойынша көпшілік дауыспен шешім қабылдады. Ал қазіргі заманғы демократия демократияның бірінші түрін ұстана алмайтыны анық. Жүздеген миллион тең азаматтары бар заманауи елдер, әсіресе азаматтықтың гибриді түрлерін енгізген елдер, дауыс беру құқығы бар жалпы жиналыстарды ұйымдастыру мүмкіндігіне ие емес. Шын мәнінде, кез келген сайлау жүйесінің жағдайында азаматтар демократиялық шешімдерге тек өкілдер арқылы ғана қатыса алады.

Демократияның мәні неде? Көпшіліктің азшылыққа үстемдігі ме? Әлде, Француз революциясы бекіткен теңдік принципі ме? Барлық демократиялық құқық декларацияларында жарияланғандай, әрбір адамның бостандығын растау ма? [2, 326 б]. «Халық» пен «егемендік» ұғымдарының ажырамастығында, немесе бір ұлттың ішінде бірнеше идеологиялық жүйелердің кедергісіз бірге өмір сүруіне мүмкіндік беретін «саяси релятивизм» қағидаты ма? Мысалы, Ганс Кельзен демократияны ең қорғансыз, ең осал басқару формасы ретінде қарастырды. Себебі ол кез келген сынға ашық. Және, авторитарлық режимдердегідей, қатаң

иерархиялық қорғаныс құрылымына ие емес. Бірақ, соған қарамастан, ол демократияны басқарудың ең жоғарғы формасы деп санады, себебі үкіметтің барлық деңгейлерінде халықтың қатысуын қамтамасыз етеді. Кельзеннің таза құқық теориясы контекстіндегі демократияның мәні құқық қорғау органдарының барлық деңгейлерінде халықтың қатысуын қамтамасыз етуде жатыр [3, 525 б.].

Әдіснама

Зерттеу жұмысы демократия феномені мен оның саяси релятивизммен байланысын жүйелі түрде талдауды мақсат етеді. Әдіснамалық негіз ретінде әлеуметтік конструктивизм (П. Бергер, Т. Лукман) алынды. Демократиялық институттардың қоғамда қалайша еш күмән тудырмайтын, өздігінен түсінікті тәртіпке айналатынын ашу үшін мақаланың үшінші бөлімінде Бергер мен Лукманның объективация концепциясы пайдаланылады. Аталған концепция адам әрекетінен туындаған дүниелердің сыртқы, шынайы болмыс ретінде қабылдану механизмін түсіндіреді. Интернализация теориясы демократиялық құндылықтардың бұқаралық санаға сіңісуін түсіндірсе, легитимация концепциясы демократиялық дискурстың әлеуметтік жүйедегі заңдылығын дәлелдеу тәсілдерін айқындайды. Бұл тұжырымдар демократияны табиғи жаратылыстан тыс, әлеуметтік конструктивизм тұрғысынан алғанда, тарихи үдерістер мен институттардың қызметі барысында қалыптасатын мағыналық құрылым ретінде қарастыруға жол ашады.

Келесі кезекте қолданылатын тарихи-логикалық әдіс демократия теориясының эволюциялық дамуын зерделеуге бағытталады. Ол XVII–XVIII ғасырлардағы қоғамдық келісімшарт идеяларынан (Гоббс, Локк, Руссо) XX ғасырдағы саяси релятивизм (Кельзен) мен қазіргі делиберативтік парадигмаға (Хабермас) дейінгі кезеңдерді қамтиды. Бұл тәсіл «жалпы ерік», «таза құқық» және «процедуралық демократия» тұжырымдамаларының тарихи байланысы мен өзіндік ерекшеліктерін саралауға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, салыстырмалы-талдамалық әдіс орталық орын алады. Руссоның «жалпы ерік» концепциясы мен Кельзеннің «саяси релятивизм» ұғымы жеке адамның ұжымдық шешім

қабылдаудағы рөлі, теңдік пен бостандықтың өзара байланысы, сондай-ақ құқықтың саяси биліктен дербестік дәрежесі тұрғысынан салыстырылады. Гоббс пен Локктың қоғамдық келісім шарт модельдері «табиғи күй» концепциясын түсіндірудегі айырмашылықтарына қарай сараланады. Сонымен қатар, релятивизмнің үш түрі ажыратылады. Эпистемологиялық релятивизм шындықтың абсолютті критерийі жоқ деген ұстаным (мысалы, әртүрлі саяси режимдер демократияны әрқалай анықтайды). Моральдық релятивизм болса әр мәдениеттің өзіндік моральдық қағидаттары бар деген көзқарас (мысалы, батыстық және шығыстық демократия түсініктерінің айырмашылығы). Мәдени релятивизм – әрбір мәдениетті өз ішкі логикасымен бағалау талабы. Бұл үш түрдің демократиялық институттарға әсері мақаланың тиісті бөлімдерінде нақты мысалдармен талқыланады.

Төртіншіден, дискурстық талдау әдісі пайдаланылады. Ол үшін Руссоның «Қоғамдық келісім шарт туралы», Г. Кельзеннің «Таза құқық теориясы», Шумпетердің «Капитализм, socialism және демократия» атты классикалық еңбектерімен қатар, қазіргі теоретиктердің де зерттеулері таңдалып алынды. Олардың қатарында Ю. Хабермастың «Фактичность и значимость», Ш. Муффытың «Агонистік демократия» және Дж. Ролздың «Әділеттілік теориясы» атты еңбектері бар. Талдау барысында әр мәтіндегі «демократия», «халық егемендігі», «билік», «заң үстемдігі» ұғымдарының семантикалық ауқымы, олардың иерархиялық байланысы және авторлардың аргументациялық стратегиясы анықталады. Осы әдіснамалық тәсілдердің жиынтығы демократияны үнемі қайта құрылып отыратын динамикалық әлеуметтік жоба ретінде ғана зерттеуге жол ашады.

Негізгі бөлім

Демократиялық идеологияның маңызды компоненттері

Бастапқыда Жаңа Дәуірде демократиялық идея үш тәуелсіз элемент ретінде пайда болды. Олар бір-бірінен оқшау күйде дамыды. Кейіннен осы үш элемент бірін-бірі толықтыра отырып, идеологиялық синтезге ұласты. Демократия осы синтездің нәтижесінде қалыптасты:

1) ертедегі христиан дәуірінде католиктердің зайырлы билікке қарсы күрестерінде алға тартқан, кейіннен христиандық папа айыптаған халықтық егемендік идеясы. Өйткені халықтың егемендігі идеясы Падуялық Марсилийден басталып, католик шіркеуінің иерархиялық құрылымына қарсы шықты;

2) феодализмге қарсы күресте абсолютті монархия саясаты алға тартқан, кейіннен заң алдындағы теңдіктен – құқықтар теңдігі идеясына көшкен XVII ғасырдағы «табиғи құқық» мектебі одан әрі дамытқан теңдік идеясы [7, 43 б.].

3) жеке адам еркіндігіне шек қоятын биліктің мүмкіндігін тарылтып, мемлекеттік өкілеттіктің шегін анықтайтын жеке бостандық идеясы. Бұл ойды Дж. Локк жан-жақты дамытып, жеке тұлғаның табиғи құқықтарын қорғау мемлекеттік биліктің басты міндеті екенін негіздейді [8, 23 б.].

Ертеде «халық» ұғымына тек ақсүйек тап өкілдері кірген. Ол кезде құқықтық теңдік екіжақты түсіндірілді: табиғи ортадағы күштілік теңдігі және мемлекеттік жүйедегі құқықсыздық теңдігі. Айта кетерлігі, жеке бостандық қағидасы көбіне теңдік идеясына бөлінбеді. Осы үшеуі, яғни бостандық, теңдік және халық егемендігі, қиысып, үш элементті біріктіретін формула алғаш негізделген кезде ғана шынайы демократиялық идеология пайда болды. Бұл күрделі синтез, халық егемендігіне негізделген бостандық пен теңдік идеялары арасындағы өзгермелі тепе-теңдік ретінде пайда болды. Руссо қоғамның әлі толық қалыптаспағанын атап өтеді. Ол «бостандықсыз теңдік болмайды» деп жазады, себебі бостандық теңдіктің мазмұнын айқындайды. Руссо «теңдіксіз еркіндік жоқ» дейді, себебі шектелмеген еркіндік озбырлық деп санады. Оның ойынша, саяси үйлесім халықтың тікелей қатысуы және дауыс беруі арқылы ғана жүзеге асады» [6, 34 б.]. Бұл принциптер Руссоның *volonté générale* ілімінде көрініс табады. Ойшыл жалпы ерік әр адамға тән екенін көрсетеді. Жалпы ерікті ешбір топ немесе партия адамның орнына білдіре алмайды. *Volonté générale* – баршаға ортақ рационалды ерік. Жеке бостандық адамның ерекшелігіне негізделмей, әркімде бірдей көрінетін ақылға негізделген ерік. Бұл қағиданың негіздемесі Руссоның келесі сөзінде дәл көрінеді: «Егер қандай да бір ортақ ерік менің үстімнен үстемдік етсе, ол бір мезгілде

менің жеке әрі дара еркім болуы тиіс; әйтпесе мұндай ортақ ерік жоқ және болуы да мүмкін емес» [15, 170 б.].

XIX ғасырда теңдік, бостандық және демократия идеялары айтарлықтай тереңдеді. Бостандық жеке бірегейліктің көрінісі ретінде, ал теңдік сапалық тұрғыдағы формалды теңдіктен гөрі, белгілі бір дәрежеде материалдық теңдік, мүмкіндіктер теңдігі ретінде түсініле бастады. Халықтық егемендік бастапқыдан қалыптасқан халықтық ерік ретінде емес, іздену арқылы келетін, мемлекеттік органдардың халықтық көңіл-күйдің барлық ауытқуларына ашық болу реакциясы ретінде түсіндірілді.

XVIII ғасырдың соңында демократиялық синтезді құрайтын ескі формула өзінің үш түрлі элементтері арасындағы ауыспалы тепе-теңдікті ғана білдіргені алаңдаушылық тудырмады, алайда, құрамдас элементтері өзгеріп күрделене түскендіктен, олардың өзара тепе-теңдігінің формуласы да өзгеруі керек еді. Мұндай өзгеріс, бостандық, теңдік және демократия туралы терең идеялардың жаңа синтезін іздеу демократиялық идеологияның өміршеңдігінің, үлкен жеңісінің және одан әрі гүлденуінің бейнесі.

Нәтижесінде, демократияның мәні мен оның тарихи жүзеге асу формалары арасындағы айырмашылық түсінігі пайда болады. Аталған айырмашылықтың жетіспеуі қазіргі демократия туралы пікірлерде жиі кездесетін қателік. Демократияның түпкі мәнін тек XVIII ғасырдағы көзқараспен шектеу, оны сынаушылардың жұмысын жеңілдетеді. Руссо-ның демократияның индивидуалистік негіздемесін ұсынғаны және XIX ғасырда Сен-Симоннан, де Местрден Гегель мен Штальға дейін индивидуализмге қарсы реакция көбінесе антидемократиялық сипат алғаны даусыз. Алайда нақты сұрақ мынада: сыңаржақ индивидуализм демократиялық идеологияның мәнінен туындай ма, әлде керісінше, оның кейбір құрамдас элементтеріне тікелей зиян келтірмей, тек тарихи призма арқылы бейнелене ме? [10, 36 б.].

Халықтың ұғымы мен оның демократиялық идеологиядағы рөлі туралы ой қозғалғанда, оның мәні жеке индивидтердің механикалық қосындысы ретінде түсіндірілмейтінін ескеру маңызды. Демократия принципі мен теңдік идеясы табиғаты жағынан индивидуализммен

міндетті түрде байланысқан жоқ, себебі халық тұтастығының органикалық, ішкі динамикасы оның түрлі мүдделер мен күштер арасындағы үздіксіз қайшылықтар мен келісімдер арқылы қалыптасады. Осыған байланысты, халықтың егемендігі де өзінің ерекше табиғаты бар: егер ол тек сыртқы көрініс ретінде ғана қарастырылса, оның демократияның басқа элементтерімен айырмашылығы қандай болмақ? Сондықтан, «халық еркі» алдын ала анықталған құрылым ба, әлде оның қалыптасуы әрі дамуы барысында үздіксіз ізденістің нәтижесі ме деген сұрақ туады. Бұл тұрғыдан алғанда, халық әрқашан да мүдделері әртүрлі топтардың өзін-өзі басқару арқылы біріккен, жеке тұлғадан жоғары тұратын ұжымдық бірліктің символы ретінде шешім қабылдауға шақырылған [16, 210 б.].

Биологиялық организмді этикалық немесе әлеуметтік тұтастықпен теңестіруге болмайды. Себебі моральдық және әлеуметтік бірлік жеке элементтердің механикалық жиынтығынан гөрі, өзара байланысқан, өзін танитын ортақ жүйе. Мұндай тұтастықты иерархиялық бағыныштылыққа сыйғызу мүмкін емес. Келісімге негізделген қауымдастықта оның барлық мүшесінің маңыздылығы бірдей, сондықтан «теңдік» тек құқықтықпен шектелмей, органикалық мағынада да көрінеді. Егер бұл теңдік бұзылса, онда тұтастықтың өз-өзін тану қабілеті әлсірейді. Халық егемендігі де осы келісімге негізделген тұтастықтың көрінісі. Неміс заң мектебіндегі халық егемендігін мемлекеттің жеке билігімен ауыстыру әрекеті философиялық жағынан осы тұтастыққа жасалған жасырын соққы іспетті. Себебі онда халықтың көпқұрамды жүйесі «бір үлкен тұлғамен» алмастырылып, күрделі құрылым қарапайым схемаға айналып кетеді. Осы бұрмалаудың нәтижесінде универсализм гипериндивидуализмге дейін тарылып, бастапқы мағынасы жоғалады. Теңдік те оқшау индивидтерді жай ғана қатар қоюға жат. Ол тұтастықтың барлық мүшесінің өзара байланысы мен маңыздылығын көрсе-тетін принцип. Сондықтан моральдық келісім мен теңдік бөлінбейтін екі ұғым деп танылады. Теңсіздік пайда болған жерде тұтастықтың өзі ыдырай бастайды.

Тұтастықтағы теңдік барлық бөліктің бірдей болуын білдірмейді, керісінше әр адамның

қоғам ішіндегі өз рөлі мен ерекшелігін сақтай отырып, бәрінің маңыздылығы тең мойындалатынын көрсетеді. Мұндай түсінік моральдық және әлеуметтік тұтастықтың механикалық емес, өзара байланыс арқылы жүретін тірі жүйе екенін білдіреді, сондықтан әрбір тұлға осы жүйенің тек бір бөлшегінен басқа, оның толыққанды және жауапты мүшесі атандырады. Осы тұрғыдан алғанда теңдік ұғымы қоғамдағы әр түрлі рөлдердің үйлесімді әрекеттесуінен туады, ал тұтастық осы өзара тәуелділік арқылы қалыптасады. Теңдік барлығын бір қалыпқа салуды білдірмес, әркімнің қоғам үшін қажеттілігін дұрыс бағалау екенін көруге болады. Демократияның ең қатаң сыншыларының бірі, Отто Spann теңдік идеясын негативті құбылыс ретінде сипаттағанымен, оның жеке және универсалдық элементтердің үйлесімін қамтитынын толық терістей алмады [11, 56–62 б.].

Әлеуметтік конструктивизм теңдікті адамдардың барлығын бірдей құнды деп қабылдау туралы қоғамдық келісім ретінде түсіндіреді. Яғни, адамдардың түрлі жеке айырмашылықтары болса да, қоғам олардың маңыздылығы мен құқықтарын тең деп санауға келіседі. Бұл идея мәдени нормалар мен ортақ құндылықтар арқылы қалыптасады. Соның нәтижесінде теңдік ұғымы қоғамдық құрылымның маңызды бөлігіне айналады және заңдар мен саясатта, әсіресе демократиялық елдерде, ерекше орын алады.

Мысалы, Американдық социолог Скотт Р. Харристің пікірінше, теңдік деп адамдардың күнделікті өзара әрекеттесуі барысында құрастырылатын әлеуметтік процесс. Ол адамдар теңдікті тек заңдық немесе сандық тұрғыдан емес, өздерінің тәжірибелік мағыналары арқылы түсінетінін көрсетеді [18, 375 б.]. Құқықтық теңдік белгілі бір деңгейде сандық сипатқа сүйенеді, осы себепті демократияның сыншылары оны данышпан мен қарапайым адамды, батыр мен қорқақты, білімді мен білімсізді механикалық түрде бір деңгейге қойып, «орташалықтың» үстемдігіне әкеледі деп қауіптенді. Алайда құқықтық теңдіктің сандық сипаты теңдік идеясынан гөрі, құқық қағидаттарының табиғатынан туындайды. Сондықтан сандық теңдікті толық жоққа шығару құқықтың өзін жоққа шығарумен тең. Демократияға қарсы бағытталған көптеген пікірлердің түбінде дәл осы құқықты мой-

ындамау жатады. Құқықтық теңсіздікті жақтаған сияқты көрінгенімен, олардың көзқарасы шындыққа сай емес, өйткені, мысалы, феодалдық қоғамда әрбір дворян жеке ерекшеліктеріне қарамастан ортақ құқықтық мәртебеге ие болған. және оның бірлігі құқықтардағы теңдікпен қамтамасыз етіледі.

Құқықтық теңдіктің сандық элементтерді қамтитыны белгілі болғанымен, құқықтардағы теңдік шынымен де тек сандық өлшемге сүйене ме деген сұрақ өзекті болып қалады. Бұған жауап беру үшін демократиялық принциптерді қабылдаған елдердің құқықтық тәжірибесіне назар аудару жеткілікті, өйткені құқықтық теңдік ұғымы әрдайым қарапайым сандық теңдіктің деңгейіне сыймайды. Негізгі мәселе заңдағы сандық сипаттың қайдан туындайтынын анықтау: ол теңдік идеясының өзінен шыға ма, әлде құқық қағидатының табиғатына тән құбылыс па? Шын мәнінде, құқықтағы сандық элемент теңдік идеясының өзіне емес, құқықтың моральдан айырмашылығына негізделеді. Мораль адамды оның қайталанбас ерекшелігімен бағаласа, құқық осы жеке сапаларды жалпылай отырып, оларды ортақ нормаға келтіреді және бірегей тұлғаны құқықтық субъект ретінде стандартталған деңгейде қарастырады. Құқықтың басты міндеті нақты адамдардың мүдделері мен әрекеттерін бір жүйеге түсіріп, әлеуметтік келісімді қамтамасыз ету, яғни моральдық көптүрлілікті оңтайландырып, оны ортақ тәртіпке бағыттау. Басқаша айтқанда, құқық күрделі моральдық тәжірибені реттелетін нормаларға айналдырады. Бұл тұрғыдан алғанда сандық теңдік құқықтың өз логикасынан туындайды, алайда бұл құқықтық теңдік тек сандық өлшеммен шектеледі дегенді білдірмейді, өйткені оның тарихи формалары сапалық аспектіні де назардан тыс қалдырмайды. Заң адамның жетілмегендігіне байланысты, идеал мен шындық арасындағы алшақтық арасында делдал болып, моральды жүзеге асыру амалдарын дайындайды. Заңсыз өмір әрқашан зорлық-зомбылық, озбырлық және деспотизм. Тек әулиелер ғана заңсыз өмір сүреді және сапалық критерийлермен басқарыла алады. Ал егер бірегейлік пен сапа заңның қорғауында ғана дамып гүлдене алатынын ескерсек, онда қоғам өмірінде сандық критерийлердің аса қажеттігін мойындауымыз

керек. Онсыз, заң өзінің жүйелеушілік функциясын орындай алмайды.

Құқықтық теңдік қарапайым сандық теңдікті білдірмейді. Біріншіден, тең құқықтарды жүзеге асыру үшін азаматтар тұлғалық жетілу, ақыл-ойының сау болуы және құқықтық қабілеттілігі сияқты қасиеттерге ие болуы керек. Екіншіден, белгілі бір қоғамдық функцияларды, мысалы мұғалім, профессор, инженер, судья сияқты мамандықтарды атқару үшін арнайы кәсіби даярлық пен біліктілік қажет. Сонымен қатар өкілдік басқару принциптері мен сайлау жүйесі қоғам атынан шешім қабылдауға қабілетті, білікті әрі жауапты адамдарды іріктеуге бағытталған, сондықтан сапалық талаптарды құқықтық теңдік ешбір жағдайда жоққа шығармайды. Құқық тек сандық қағидатқа сүйенетін, не болмаса адамның туғаннан алған кездейсоқ артықшылығы немесе ерекшелігі емес, керісінше, ұжымдық тұтастық мүддесіне сай, құқықтарды иеленудің объективті айқындалған және баршаға қолжетімді тетігі ретінде қалыптасады.

Өйткені құқықтық теңдік бір-бірінен сапалық жағынан ерекшеленетін жеке тұлғалардың құқықтық тұрғыдан тең мойындалуын қамтамасыз ететін тетік және тұтастық идеясымен тығыз байланысты. Алайда құқықтардағы теңдік тек сандық өлшемге емес, белгілі бір деңгейде сапалық талаптарды да ескеруге мүмкіндік беретінін ескерсек, бұл екі элементтің арақатынасы әр дәуірде әртүрлі сипат алуы мүмкін деген қорытынды шығады. Руссо мен Француз революциясы кезеңіндегі демократияны механикалық-индивидуалистік түсіндіру осы тепе-теңдікті сандық өлшемнің шексіз басымдығы арқылы айқындады. Қазіргі заманғы демократиялық ой-ізденістер, керісінше, құқықтық теңдіктің құрамындағы сапалық элементтерді күшейтуге бағытталып отыр. Пропорционалды және кәсіби өкілдік, федерализм, аумақтық және корпоративтік өкілдік, ұлттық азшылықтардың өзін-өзі басқару идеялары сияқты тетіктер құқықтық теңдікке жаңа сапалық өлшемдерді енгізудің әртүрлі нұсқаларын көрсетеді. Белгілі бір объективті белгіге кәсіби ортаға, ұлттық қауымдастыққа, белгілі бір аймаққа немесе саяси ұйымға қатыстылығына қарай азаматтардың құқықтары сол топтың аясында тең дәрежеде мойындалады. Бір жағынан,

мұндай ұйымдастыру тәсілі сандық теңдік идеясын кеңейтіп, теңдік қағидасын одан әрі дамытады: енді тек жеке адамдар ғана шектемей, сапалық жағынан ерекшеленетін әлеуметтік топтар да тең құқықтарға ие болады. Екінші жағынан, осы теңестіру барысында жаңа сапалық өлшемдер енгізіліп, әртүрлі типологиялық сипаттардың құқықтық деңгейде тікелей көрініс табуына мүмкіндік жасалады. Демек, құқықтық теңдікті жүзеге асырудағы алға жылжу сапалық өлшемдердің кеңеюімен қатар жүреді, бірақ құқықтық құрылымның табиғаты бойынша бұл өлшемдер сандық негізден ешқашан толықтай басым бола алмайды. Яғни демократиялық идеология мен тең құқықтар қағидаты механикалық түрде бәрін бір деңгейге түсіруді білдірмейді; олар заң қағидаттары қажет ететін дәрежеде ғана сандық өлшемге сүйенеді және осы тұрғыдан құқықтың жалпы құрылымымен табиғи түрде байланысады. Бұл қағидаттар жеке адамның сапалық ерекшеліктерін дамытуға жағдай жасайтын кепілдіктен гөрі, өздерінің ішкі табиғаты бойынша да сандық және сапалық элементтердің үйлесімді бірлігін көрсетеді. Осылайша, теңдік идеясының синтетикалық мәні ұжымдық және жеке бастауларды үйлестірудің жаңа қырын ашып береді.

Жеке тұлғаның бостандығы деген не? Демократияның мәңгілік мәнін құрайтын үш идеяның ішінде тек бостандық идеясы ғана таза индивидуалистік қағиданы бейнелейді. Бостандықсыз жеке тұлға болмайды. Жеке тұлғасыз моральдық және әлеуметтік ұжым болмайды. Сондықтан бостандықты тұншықтыру тек жеке тұлғаны ғана емес, сонымен қатар өлі, қысымшылық жасайтын массаға айналатын тұтастықты да өлтірумен тең. Бостандық қағидаты тұтастық пен жеке адамның байланысын айқындайтын негізгі негіз және ол әрбір мүшенің тұлғалық мәнін сақтауға мүмкіндік береді. Бостандық болмаса демократия да теңдік те өзінің шынайы мазмұнын жоғалтады және мәні бұрмаланады. Осы себепті бостандық демократиялық дүниетанымды жеке адам мен ұжымдық тұтастық үйлесім табатын жүйе ретінде көрсетеді.

«Бостандық» ұғымы «теңдік» сияқты бірнеше қырдан тұрады. Моральдық мағынада ол адамның шығармашылық қабілетін еркін жүзеге асыруы мен шығармашылық

ортаға еркін қатысуын білдіреді. Құқықтық тұрғыдан бостандық тұтастық пен жеке адам арасындағы шекараны, яғни қоғамның адамға ықпал ете алатын шегін айқындайды және сол шеңберде жеке тұлға өз таңдауын дербес қалыптастырады. Әрбір адамға өзінің мүмкіндігін барынша іске асыруға жағдай жасау үшін құқықтық бостандық оған белгілі бір деңгейде өз бетімен әрекет ету мүмкіндігін береді. Осы тұрғыдан алғанда, Г.Кельзен демократияны «саяси релятивизм тәртібі» деп сипаттағанда, ол демократиялық жүйенің түпкі мәнін емес, оның белгілі бір тетігін атап өтеді. Бұл демократия өзінің негізінде релятивистік философияға сүйенеді дегенді білдірмейді және оның құндылықтық, этикалық мәселелерді елемейтінін де аңғартпайды. Мұндағы басты мазмұн демократиялық құрылым азаматты қандай да бір идеологияның мәжбүрлі түрде таңылуынан қорғайды және биліктің сол идеологияны абсолютке айналдырып жіберуінен сақтайды. Осы функциясы жағынан демократиядағы релятивизм қағидаты философиядағы «Абсолютті терістеу арқылы қорғау» тәсіліне ұқсайды: демократия абсолютті толық жоққа шығармайды, бірақ салыстырмалы ұстанымдардың абсолют деңгейге көтерілуіне де жол бермейді. Сол себепті демократиялық жүйе азаматтық еркіндік пен саяси релятивизмді рухани және зияткерлік сұраныстардың шынайы жүзеге асуына жағдай жасайтын қажетті орта ретінде сақтайды [12, 550 б.].

